

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/UWEH8749>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.23.05

<https://doi.org/10.48081/CPNT6834>***Г. А. Момбиева¹, У. Қ. Қыяқбаева²**

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2297-459X>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5579-9788>

*e-mail: gumi--74@mail.ru

БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ОРТА ЖАҒДАЙЫНДА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бұл мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық орта жағдайында эмоционалды тұрақтылығын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, эмоционалды тұрақтылық критерийлерін тұжырымдайды. Эмоционалды тұрақтылық педагогтің кәсіби тұрақтылығын қалыптастырудың негізгі бөлігі ретінде қарастырылады, бұл білім беру процесінің басқа қатысушыларының эмоционалды жағдайын және өзіндік эмоционалды күйін бақылауға, түрлі қиын жағдайларда өнімділіктің жоғары деңгейінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға, педагогтің стресс факторларының әсерінен кейін де жайлы эмоционалды күйді сақтау қабілетін реттеуге көмектеседі. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде білім беру процесін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қазіргі мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан да әрбір педагогтің цифрлық құралдарды таңдай алуы және пайдалана білуі маңызды. Бұл өз кезегінде педагогтің стресс факторларын жоғарылататыны анықталған. Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне жүргізілген авторлық сауалнаманың нәтижелері анықталған. Сауалнама нәтижесі бойынша цифрлық орта жағдайында эмоционалды тұрақтылықты дамытудың жолдары мен әдістері ұсынылып, оларға сипаттама берілген. Бұл ұсыныстар болашақ педагогтерге эмоционалды тұрақтылықты дамытуға ғана емес, сонымен қатар

балалар үшін үйлесімді және өнімді білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Кілтті сөздер: болашақ педагогтер, эмоционалды тұрақтылық, цифрлық орта, эмоционалды тұрақтылық критерийлері, өзін-өзі реттеу, рефлексия.

Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «...Әлеуметтік-эмоционалды оқыту баланың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол өз эмоцияларын түсіну мен басқарудан, эмпатиядан және үнемі дамып отыратын қарым-қатынас дағдыларынан тұрады. Бала тәрбиешілерімен және мектепке дейінгі ұйымның басқа да ересек адамдарымен қарым-қатынаста неғұрлым сабырлы болса, баланың психоземоциялық аман-саулығының негізі болып табылатын, оның эмоциялық және әлеуметтік құзыреті де сапалы дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет...» деп көрсетілген [1]. Ал бұл іс-әрекеттерді жүзеге асыру – педагогтердің өзінен эмоционалды тұрақтылықты талап ететіні сөзсіз.

Болашақ педагогтердің кәсіби дамуы жағдайында тұлғаның эмоционалды тұрақтылығы мәселесі күн өткен сайын өзекті бола түсуде. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде педагогтің жұмысы ауыртпалығы жағынан ең ауыр мамандықтардың бірі екендігі көрсетілген. Педагогтер мен балалар арасындағы психологиялық қолайлы қарым-қатынасқа оқу-тәрбие үдерісінің қолайлығы ғана емес, сонымен қатар педагогтің де, балалардың да психологиялық денсаулығы тікелей әсер етеді [2].

Эмоционалды тұрақтылық педагогтің кәсіби тұрақтылығын қалыптастырудың негізгі бөлігі ретінде қарастырылады, бұл білім беру процесінің басқа қатысушыларының эмоционалды жағдайын және өзіндік эмоционалды күйін бақылауға, түрлі қиын жағдайларда өнімділіктің жоғары деңгейінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға, педагогтің стресс факторларының әсерінен кейін де жайлы эмоционалды күйді сақтау қабілетін реттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мамандармен эмоционалды тұрақтылықты дамыту бойынша іс-шаралар жүргізуге аса көп назар аударылмайды. Сол себептен де біз осы мәселеге егжей-тегжейлі тоқталу қажеттілігін көреміз.

Материалдар мен әдістер

Айтып өткендей, адам өміріндегі эмоцияның ролі мен маңызы өлшеусіз зор екендігі белгілі. С. В. Субботин «Субъект қызметінің кез келген дерлік көрінісін сүйемелдейтін эмоциялар психикалық әрекет пен мінез-құлықты ішкі реттеудің негізгі механизмдерінің бірі ретінде қызмет етеді» дей келе, эмоция интеллектуалдық, ерікті, мотивациялық және басқа процестермен тығыз байланысты және олардың міндетті реттеуші құрамдас бөліктері болып табылады деп тұжырымдайды [3].

Алдымен «эмоционалды тұрақтылық» терминін қарастырған ғалымдардың тұжырымдарына тоқталып өтсек. Н. И. Вьюнова, В. Ю. Плотникова және С. И. Пуртова «тұлғаның интегративті қасиеті, оның психомоторлық күйін тұрақтандыруға, болашақ мамандықтың оқу-кәсіби қызметі барысында және нәтижесінде пайда болатын әртүрлі эмоционалды жағдайларда стеникалық және астеникалық эмоцияларды үйлестіруге мүмкіндік береді» деп түсіндіреді [4].

Жоғары дамыған «өзін-өзі басқару» қабілетінің, өзінің эмоционалдық жағдайын басқару қабілетінің маңыздылығын педагогикалық қызметтің И. А. Зимняя, В. Г. Казанская, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, Л. М. Митина және т.б. сияқты көптеген зерттеушілері атап көрсетеді. Педагог пен мектеп жасына дейінгі балалардың өзара әрекеттесу жағдайындағы эмоционалды тұрақтылықтың көріну мәселесі ерекше маңызға ие. Мектепке дейінгі педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығы мәселесінің өзектілігі мектепке дейінгі тәрбиешілердің эмоционалдық тұрақтылығын дамыту қажеттілігі мен осы мәселенің теориялық және практикалық дамуының жеткіліксіздігі арасындағы анықталған қайшылыққа байланысты [5].

Авторлар эмоционалдық тұрақтылық критерийлері ретінде мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық, ерікті және коммуникативті критерийлерді анықтайды. Біздің көзқарасымыз бойынша, авторлардың эмоционалды тұрақтылықтың эмоционалдық құрамдас бөлігі туралы көзқарасы қызықты, бұл компоненттің жетілмегендігі эмоционалды пассивтілік, сыртқы әсерлерге әлсіз реакция, эмоционалды қозғыштық, нормативті емес агрессиямен бағалануы мүмкін. Бұл компоненттің жетілуі сыртқы ынталандырулардың күші мен қарқындылығына, педагогтің ұстанымдары мен мақсаттарының тұрақтылығына, мінез-құлқының икемділігіне және оның жеке басының мотивтерінің динамикасына қарамастан толық жұмыс істеу қабілетінен көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекеттің сипаттамасындағы көзге бірден түсетін ерекшеліктерінің бірі – оның стресс факторларымен қанықтығы болып табылады, яғни жұмыс күні жүктемесінің ауырлығы, орындалатын

міндетке жоғары жауапкершілік, педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас, балалардың ата-аналарымен байланыс және т.б.). Л. М. Митина, А. К. Маркова және т.б. ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, көптеген педагогтерде күтпеген қиын жағдайдағы қиындықтарға эмоционалды жауап берудің адекватты тәсілдері жеткіліксіз дамыған және әлеуметтік бейімделудің төмен қарқынын көрсетеді [6]. Ал бұл факторлар өз кезегінде маманның кәсіби қызметіндегі эмоционалды қажуға алып келетіні ақиқат.

Эмоциялық тұрақтылық концепциясын қарастыра отырып, Дж.Рейковский эмотиогендік тітіркендіргіштерге сезімталдық параметрін қосады және кейбір индивидтер эмоционалды сезімталдықтың төмен болуына байланысты эмоционалды тұрақтылықтың жоғары дәрежесімен сипатталады деп есептейді [7]. Н. А. Аминов жүйке жүйесінің сезімталдығы мен эмоционалды тұрақтылық арасындағы байланысты да көрсетеді, бірақ жүйке жүйесі әлсіз адамдар, керісінше, жоғары эмоционалды тұрақтылықты көрсетеді және өздерінің эмоционалды реакцияларын бақылауды жүзеге асыруға қабілетті деп санайды [8].

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістердің барлығы мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми, әдістемелік және материалдық базасын жаңартумен байланысты. Жаңартудың маңызды шарттарының бірі – білім беру процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Цифрлық оқыту – бұл онлайн курстарды, виртуалды сыныптарды, интерактивті модельдеулерді және бейімделген оқыту жүйелерін қоса алғанда, әдістердің кең ауқымына қатысты термин. Ол білім беру мазмұнын жеткізу және интерактивті оқытуды қолдау үшін цифрлық технологияларды пайдалану ретінде анықталады [9].

Мектептегі білім беруді компьютерлендірудің жиырма жылға жуық тарихы болса да, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде компьютер әлі күнге дейін педагогтердің жақсы дамыған құралына айнала алған жоқ. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану қазіргі мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Бір жағынан, мектепке дейінгі мекемеде интернеттегі өзінің электронды білім беру кеңістігі болуы керек, екінші жағынан, балаларды компьютерге ерте үйрету кезінде денсаулыққа нақты қауіп төнеді [10]. Qi және Yang зерттеуінің нәтижелері студенттердің мектеп, отбасы және бос уақытты қоса алғанда, әртүрлі жағдайларда цифрлық күйзеліске ұшырайтынын көрсеткен [11]. Дегенмен, цифрлық ортаның білім беру үрдісіндегі маңызы да ерекше екені баршамаызға аян. Цифрлық технологиялар болашақ мамандарға зерттегісі

келетін өз қарқынымен тандауға және онымен өз бетінше жұмыс жасауға көмектеседі.

Цифрлық технологиялардың білім беру процесіне қосатын үлесі өте үлкен екендігі дау туғызбайды, әрине. Дегенмен, олардың педагогтерге кері әсері де жоқ емес. Зерттеу, бақылау барысында анықталған кері әсерлердің кейбір аспектілеріне тоқталып өтсек:

1 Ақпараттың шамадан тыс жүктелуі: педагогтер, әсіресе, өз жұмысында цифрлық технологияларды белсенді түрде қолданатындар үздіксіз ақпарат ағынымен бетпе-бет келеді. Бұл күйзеліске, алаңдаушылыққа алып келіп, шаршауды тудыруы мүмкін, өйткені барлық соңғы әзірлемелерден хабардар болу және ақпараттық жүйелерге тұрақты қосылуды қамтамасыз ету талаптары қысым сияқты сезілуі мүмкін.

2 Жеке қарым-қатынастың төмендеуі: білім беруді цифрландыру жеке байланыстың төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл сенімді және эмоционалды қолдау қатынастарын құруды қиындатады, педагогтің өз жұмысына эмоционалды қанағаттанбауына әсер етуі мүмкін, өйткені көптеген педагогтер білім алушылармен жеке байланыс орнату мүмкіндігін бағалайды.

3 Жұмыс пен жеке өмірдің тепе-теңдігі мәселелері: педагогтер цифрлық кеңістікте болуына байланысты өздерінің кәсіби және жеке өмірлерін бөлуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мобильді құрылғылар мен онлайн платформалар жұмысты қолжетімді ете алады, сәйкесінше үнемі ізденістегі педагогтердің бос уақыты да болмайды, бұл созылмалы шаршауға әкеледі.

4 Техникалық мәселелер және стресс: жеткілікті техникалық дайындығы жоқ педагогтер технологияны пайдалануда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл оларда көңілсіздікті, стрессті және сенімсіздік сезімін тудырады.

5 Оқшаулану және жалғыздық: цифрлық оқыту құралдарын үнемі пайдалану оқшаулану сезімін тудыруы мүмкін. Виртуалды қарым-қатынас әрқашан әріптестермен толыққанды қарым-қатынасты алмастырмайды, бұл жалғыздыққа және әлеуметтік қолдаудың болмауына әкелуі мүмкін.

6 Эмоционалды байланыстың төмендеуі: цифрлық технологиялар балалардағы эмоционалды кері байланыстың мүмкіндіктерін шектейді, бұл педагогтердің балалардың қажеттіліктеріне тез жауап беру қабілетін төмендетуі мүмкін.

Цифрлық технологиялар білім беруде жаңа белестерге алып шыққанымен, қолайлы жұмыс ортасын құру үшін педагогтердің эмоционалды тұрақтылығына кері әсерінің мүмкіншіліктерін де ескеріп отыру қажет.

Зерттеуіміздің эксперименттік бөлімінде деректерді жинау, эмоционалды тұрақтылықтың ағымдағы деңгейлерін талдау және педагогтерді қолдау мен дамыту қажеттіліктерін анықтау мақсатында авторлық сауалнама

құрастырылып (авторлық куәлік №51210, 07.11.2024ж), мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының 3-4 курс студенттеріне жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары 4 блокты қамтиды: ақпараттық орта, эмоционалды тұрақтылық, қолдау мен дамыту және қорытынды сұрақ.

I. Ақпараттық орта:

– 20-25 ұпай – ынтымақтасу: өз тәжірибесі мен білімін басқалармен бөлісе алады; цифрлық құралдарды таңдауда аналитикалық талдау жасай алады.

– 19-10 ұпай – өзгерістерге ашықтық: инновацияларды енгізуге және жұмыс процесіндегі өзгерістерге оң көзқарас.

– 9-5 ұпай – жаңа технологиялар мен құралдарды үйренуге деген мотивациясын арттыру қажет.

II. Эмоционалды тұрақтылық:

– 20-25 ұпай – өмірге позитивті көзқарас және болашаққа деген сенім, өз ісіне жауапкершілік.

– 19-10 ұпай – қиын жағдайларда эмоцияларын реттей білуі.

– 9-5 ұпай – өз эмоцияларын тану және түсінуге тырысу қажет.

III. Қолдау мен дамыту:

– 20-25 ұпай – өз кәсіби іс-әрекетіне құрметпен қарау, креативтілік.

– 19-10 ұпай – өзін-өзі дамытуға ұмтылыс.

– 9-5 ұпай – үйренуге деген ашықтықты қалыптастыру.

IV. Қорытынды сұрақ:

Респонденттердің жауаптары кәсіби бағытта талданады.

Сауалнамаға барлығы 72 студент қатысты.

Нәтижелер және талқылау

Көптеген зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, эмоционалды тұрақтылық критерийлерін төмендегіше тұжырымдадық.

Эмоционалды тұрақтылық критерийлері мыналарды қамтуы мүмкін:

Критерийлер	Сипаттамасы
Бейімделу	Өзгерістерге және жаңа жағдайларға тез бейімделу қабілеті.
Эмоционалды бақылау	Эмоцияларын мінез-құлық пен шешім қабылдауға әсер етпей басқару мүмкіндігі.
Оптимизм	Өмірге оң көзқарас, қиындықтардың уақытша екеніне және жеңуге болатынына сену.
Әлеуметтік қолдау	Күшті әлеуметтік байланыстардың болуы және қиын уақытта көмек сұрау мүмкіндігі.


Стресспен күресу стратегиялары	Медитация, физикалық белсенділік немесе хобби сияқты стрессті жеңудің тиімді әдістерін пайдалану.
Өзін-өзі тану	Қиындықтармен жақсы күресуге көмектесетін эмоцияларын, күшті және әлсіз жақтарын түсіну.
Анықтау	Алдына нақты мақсат қою және кедергілерге қарамастан оған жетуге ұмтылу.
Ойлау икемділігі	Мәселелерді әртүрлі көзқараспен қарастыру және балама шешімдерді табу қабілеті.

Сонымен, эмоционалды тұрақтылық – адамның психикалық денсаулығы мен өнімділігін сақтай отырып, эмоционалды қиындықтар мен күйзеліске төтеп беру қабілеті болып табылады.

Ал сауалнамаға қатысқан студенттердің жауабын талдау барысында төмендегідей нәтижелерді алдық.

1-Кесте – Болашақ педагогтердің цифрлық орта жағдайында эмоционалды тұрақтылығын бағалауға арналған сауалнама нәтижесі

№	Критерийлер	Денгейлері					
		жоғары		орта		төмен	
I	Ақпараттық орта	21	29 %	35	49 %	16	22 %
II	Эмоционалды тұрақтылық	4	6 %	19	26 %	49	68 %
III	Қолдау мен дамыту	65	90 %	7	10 %	0	0 %



1-сурет – Болашақ педагогтердің цифрлық орта жағдайында эмоционалды тұрақтылығын бағалауға арналған сауалнама көрсеткіші

Сауалнамадағы ақпараттық орта бойынша алынған жауаптар болашақ мамандардың цифрлық ортаға бейімділіктерін, цифрлық құралдарды

үйренуге деген ашықтықты көрсетті. Ал эмоционалды тұрақтылық бойынша алынған жауаптарда, керісінше, цифрлық ортаға ашық болғанымен, стресске жиі түсетінін, өз эмоцияларын басқаруда қиындықтар туатынын жеткізген студенттер басымдық көрсетті. Сәйкесінше, қолдау мен дамыту бөлімінде технологияларды қолдану бойынша жүргізілетін біліктілікті көтеру курстарын, эмоционалды тұрақтылық бойынша тренингтер мен семинарларды ұйымдастыруды және тәжірибе алмасу, қолдау топтарын құруды сұрайды, бұл олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттері үшін маңызды деп есептейтіндіктерін жеткізген. Сауалнаманың қорытынды сұрағына қатысқан студенттердің барлығы дерлік өздерінің эмоционалды тұрақтылығын дамытуда жеке дара жүргізілетін психологиялық әдістер мен психотерапияны, тренинг жаттығуларды атап өткен. Сондықтан, зерттеуден алынған нәтижелерге сүйене отырып, осы процеске көмектесетін бірнеше жолдарды ұсынғымыз келеді:

2-Кесте – Цифрлық орта жағдайында педагогтердің эмоционалды тұрақтылығын дамытуға арналған ұсыныстар

№	Негізгі іс-әрекеттер	Өткізу формасы	Сипаттамасы
1	Оқыту және біліктілікті арттыру	Курстар мен тренингтер	Эмоционалды тұрақтылық пен интеллекті бойынша арнайы мамандандырылған курстар ұйымдастыру
		Вебинарлар мен онлайн семинарлар	Педагогтерді эмоцияны басқару әдістеріне оқыту үшін цифрлық платформаларды қолдану
2	Қолдау көрсету ортасын құру	Психологиялық қолдау	Болашақ педагогтерге арналған психологиялық кеңес беру және көмек көрсету бағдарламаларын енгізу
		Қолдау топтары	Педагогтердің өз тәжірибелерімен бөлісетін, қолдау ала алатын орта құру

3	Цифрлық дағдыларды дамыту	Ц и ф р л ы қ құралдармен оқыту	Педагогтерге жаңа құралдармен жұмыс жасау кезіндегі стресін азайту үшін технологияларды меңгеруге көмектесу
		О қ ы т у д а ғ ы технологияларды интеграциялау	Қызықты және интерактивті сабақтарды жүргізу үшін цифрлық ресурстарды қолдану
4	Өзін өзі реттеу әдістері	Р е л а к с а ц и я техникалары	Стресті төмендететін медитация, тыныс алу жаттығуларын және басқа да әдістерді үйрету
		Э м о ц и я л а р күнделігін жүргізу	Педагогтерді жақсы түсіру және оларды басқару үшін өз эмоциялары мен уайымдарын жазып жүруге ынталандыру
5	Позитивті ойлауды қалыптастыру	П о з и т и в т і п с и х о л о г и я бойынша курстар	П о з и т и в т і о й л а у д ы қалыптастыруға және негативті ойларды женуге жаттықтыру
		Мақсат қою	Сенімділікті арттыруға көмектесетін нақты және қол жеткізуге болатын мақсаттарды қоюға көмектесу
6	Оқу үрдісіндегі интеграция	Б а л а л а р д ы э м о ц и о н а л д ы тәрбиелеу	Балалардың эмоционалды тұрақтылығын дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізу, бұл педагогтерге де көмектеседі.
		Қ а у і п с і з атмосфераны құру	Педагогтер өздерінің эмоциялары мен уайымдарын ашық талқылай алатындай ортаны қалыптастыру
7	Бағалау және рефлексия	Жүйелі түрде өзін өзі бағалау	Педагогтерді эмоционалдық тұрақтылығын жүйелі түрде бағалауға және жақсарту бағыттарын анықтауға ынталандыру
		Кері байланыс	педагогтер өз жұмыстары мен эмоционалды жағдайы туралы сындарлы пікірлер ала алатын кері байланыс жүйесін құру

Бұл ұсыныстар болашақ педагогтерге эмоционалды тұрақтылықты дамытуға ғана емес, сонымен қатар балалар үшін үйлесімді және өнімді білім беру ортасын құруға көмектеседі деп ойлаймыз.

Қорытындылар

Қорыта келе, цифрлық орта жағдайында педагогтердің эмоционалды тұрақтылығын дамыту, әсіресе мектепке дейінгі білім беру контекстінде маңызды міндет болып табылады. Өйткені, цифрлық технологиялардың қазіргі кездегі қарқынды дамуы және олардың білім беру жүйесіне енгізілуі – педагогтердің, соның ішінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің эмоционалды тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Ал болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тәрбиешінің кәсіби біліктілігімен қоса психологиялық саулығы өте қажет екені айтпаса да түсінікті.

Мақалада осы мәселені зерттеудің алғашқы қадамдары жасалған. Шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне, сонымен қатар авторлардың жүргізген авторлық сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, алдағы уақытта зерттеу әдістемелері мен құралдарын нақтылау және тәжірибеде жүзеге асыру міндеті тұр.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы [Мәтін].

2 Филиппова, С. А., Пазухина, С. В., Куликова, Т. И., Степанова, Н. А. Эмоциональная устойчивость будущих педагогов к негативному влиянию современной информационной среды [Мәтін] // Психологическая наука и образование. – 2019. – № 5. – Т. 24 – С. 80–90.

3 Субботин, С. В. Устойчивость к психическому стрессу как характеристика метаиндивидуальности учителя : Автореферат дис. ... канд. психол. наук [Мәтін] – Пермь, 1992. – 25 с.

4 Uvarina, N. V., Savchenkov, A. V. Emotional Resilience as an Essential Component of Professional Stability of the Teacher [Мәтін] // Bulletin of the South Ural State University. Ser. Education. Educational Sciences. – 2019. – № 2. – P. 36–46. <https://doi.org/10.14529/ped190204>.

5 Дарвиш, О. Б. Формирование эмоциональной устойчивости педагогов дошкольного образования [Мәтін] // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2013. – № 6 (149). – С. 241–247.

6 **Митина, Л. М.** Формирование профессионального самосознания учителя [Мәтін] // Вопросы психологии. – 1990. – № 3. – С. 58–64.

7 Рейковский, Я. Экспериментальная психология эмоций [Мәтін]. – М. : Изд-во Прогресс, 1979. – 392 с.

8 **Аминов, Н. А.** Психофизиологические и психологические предпосылки педагогических способностей [Мәтін] // Вопросы психологии. – 1988. – № 5. – С. 71–77.

9 **Neeraj, Y.** The Impact of Digital Learning on Education [Мәтін] // International Journal of Multidisciplinary Research in Arts, Science and Technology (IJMAST). – 2024. – V. 2. – № 1. – P. 24–34.

10 **Зайцева, К. П.** Система подготовки педагогов дошкольных образовательных учреждений в рамках развития современных информационно-коммуникативных технологий [Мәтін] // Мир науки. Педагогика и психология. – 2019. – № 4. – Т. 7.

11 **Qi, C., Yang, N.** Digital resilience and technological stress in adolescents : A mixed-methods study of factors and interventions [Мәтін] // Education and Information Technologies. – 2024. – P. 1–47. – <https://doi.org/10.1007/s10639-024-12595-1> (дата обращения: 28.11.2024).

References

1 QR Ükimetiniñ 2021 jylǵy 15 nauryzdaǵy № 137 qaulysy. Qazaqstan Respublikasy normativtik qúqyqtyq aktıleriniñ aqparattyq-qúqyqtyq júiesi. Mektepke deingı tärbieler men oqytudy damytu modelin bekıtu turaly [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated March 15, 2021 № 137. Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. On approval of the model for the development of preschool education and training] [Text].

2 **Filippova, S. A., Pazuxina, S. V., Kulikova, T. I., Stepanova, N. A.** E`mocional`naya ustojchivost` budushhix pedagogov k negativnomu vliyaniyu sovremennoj informacionnoj sredy [Emotional resilience of future teachers to the negative impact of the modern information environment] [Text]. – Psixologicheskaya nauka i obrazovanie. – 2019. – № 5. – Vol. 24 – P. 80–90.

3 **Subbotin, C. B.** Ustojchivost` k psixicheskomu stressu kak xarakteristika metaindividual`nosti uchıtelya : Avtoreferat dis. ... kand. psixol. nauk [Resistance to mental stress as a characteristic of a teacher's meta-individuality : Abstract of the dissertation of the cand. psychological sciences] [Text]. – Perm, 1992. – 25 p.

4 **Uvarina, N. V., Savchenkov, A. V.** Emotional Resilience as an Essential Component of Professional Stability of the Teacher [Text]. – Bulletin of the South

Ural State University. Ser. Education. Educational Sciences. – 2019. – № 2. – P. 36–46. <https://doi.org/10.14529/ped190204>.

5 **Darvish, O. B.** Formirovanie e'mocional'noj ustojchivosti pedagogov doshkol'nogo obrazovaniya [Formation of emotional stability of preschool education teachers] [Text]. – Voprosy' zhurnalistiki, pedagogiki, yazy'koznaniya. – 2013. – № 6 (149). – P. 241–247.

6 **Mitina, L. M.** Formirovanie professional'nogo samosoznaniya uchitelya [Formation of a teacher's professional self-awareness] [Text]. – Voprosy' psixologii. – 1990. – № 3. – P. 58–64.

7 **Rejkovskij, Ya.** E'ksperimental'naya psixologiya e'mocij [Experimental psychology of emotions] [Text]. – M. : Izd-vo Progress, 1979. – 392 p.

8 **Aminov, N. A.** Psixofiziologicheskie i psixologicheskie predposy'lki pedagogicheskix sposobnostej [Psychophysiological and psychological prerequisites of pedagogical abilities] [Text]. – Voprosy' psixologii. – 1988. – № 5. – P. 71–77.

9 **Neeraj, Y.** The Impact of Digital Learning on Education [Text]. International Journal of Multidisciplinary Research in Arts, Science and Technology (IJMAST). – 2024. – V. 2. – № 1. – P. 24–34.

10 **Zajceva, K. P.** Sistema podgotovki pedagogov doshkol'ny'x obrazovatel'ny'x uchrezhdenij v ramkax razvitiya sovremenny'x informacionno-kommunikativny'x tehnologij [The system of teacher training in preschool educational institutions within the framework of the development of modern information and communication technologies] [Text]. – Mir nauki. Pedagogika i psixologiya. – 2019. – № 4. – Vol. 7.

11 **Qi, C., Yang, N.** Digital resilience and technological stress in adolescents : A mixed-methods study of factors and interventions [Text]. – Education and Information Technologies. – 2024. – P. 1 – 47. <https://doi.org/10.1007/s10639-024-12595-1> (Accessed: 28.11.2024).

06.11.24 ж. баспаға түсті.

08.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. А. Момбиева¹, У. Қ. Қыяқбаева²

^{1,2}Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 06.11.24.

Поступило с исправлениями 08.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПЕДАГОГОВ БУДУЩИХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ СРЕДЫ

В данной статье дается анализ трудов ученых, изучивших эмоциональную устойчивость будущих педагогов дошкольных организаций в условиях цифровой среды и сформулированы критерии эмоциональной устойчивости. Эмоциональная устойчивость рассматривается как основная часть формирования профессиональной устойчивости, которая помогает контролировать эмоциональное состояние и собственное эмоциональное состояние других участников образовательного процесса, осуществлять профессиональную деятельность на высоком уровне продуктивности в различных сложных ситуациях, регулировать способность педагога сохранять комфортное эмоциональное состояние даже после воздействия стрессовых факторов. Использование информационно-коммуникационных технологий в дошкольных образовательных учреждениях при организации образовательного процесса является актуальной проблемой современного дошкольного образования. Поэтому важно, умение педагога выбрать и применять цифровые средства. Это в свою очередь, повышает стрессовые факторы педагога. В статье представлены результаты авторского опросника, проведенного с будущими педагогами дошкольных организаций. По результатам опросника, предложены пути и методы развития эмоциональной устойчивости педагогов в условиях цифровой среды, дана их характеристика. Эти рекомендации помогут будущим педагогам не только развивать эмоциональную устойчивость, но и создать гармоничную и продуктивную образовательную среду для дошкольников.

Ключевые слова: будущие педагоги, эмоциональная устойчивость, цифровая среда, критерии эмоциональной устойчивости, саморегуляция, рефлексия.

*G. Mombiyeva¹, U. Kyyakbayeva²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University

named after Abay,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 06.11.24.

Received in revised form 08.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

RESEARCH EMOTIONAL STABILITY OF TEACHERS OF FUTURE PRESCHOOL ORGANIZATIONS IN THE CONDITIONS OF DIGITAL ENVIRONMENT

This article analyzes the works of scientists who have studied the emotional stability of future teachers of preschool organizations in the conditions of digital environment and formulates the criteria of emotional stability. Emotional stability is considered as the main part of the professional stability formation, which helps to control the emotional state and manage emotional state of other participants of the educational process, to carry out professional activity at a high level of productivity in various complex situations, to regulate the teacher's ability to maintain a comfortable emotional state even after the impact of stress factors. The implementation information and communication technologies in preschool educational institutions in the organization of the educational process is an urgent problem of modern preschool education. Therefore, is important, the ability of the teacher to choose and apply digital tools. This, in turn, increases the stress factors of the teacher. The article presents the results of the author's questionnaire conducted with future teachers of preschool organizations. According to the results of the questionnaire, ways and methods of developing emotional stability of teachers in the digital environment are proposed, their characterization is given. These recommendations will help future teachers not only to develop emotional stability, but also to create a harmonious and productive educational environment for preschool children.

Keywords: future teachers, emotional stability, digital environment, criteria of emotional stability, self-regulation, reflection.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 31,59.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4485

Сдано в набор 21.11.2025 г. Подписано в печать 30.12.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4485

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz